

Біліктілікті арттыру курстары

2018 жылдың 19-23 ақпан аралығында және 26 ақпаннан 2 наурызға дейін Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Біліктілік арттыру және қашықтықтан білім беру орталығының ұйымдастыруымен музыкалық білім және хореография кафедрасының оқытушылары п.ғ.д., профессор Лора Нарикбаева, п.ғ.к., қаум. профессор Аимкүл Ахметова, қауым. профессор Ерболат Мұстафаев, к.п.н., доцент Лаура Какимова біліктілікті арттыру курсынан өтті.

Курстардың мақсаты - жоғары оқу орындарында білім беретін оқу бағдарламалары арқылы жаңартылған орта білім беру бағдарламаларын іске асыру бағыты бойынша мұғалімдерді даярлау. Бағдарламаның жаңартылған мазмұны 2016 жылы бекітілген және кезең-кезеңмен көшіруді көздейді: 1-кезең: 2017-2018 оқу жылы (1, 2, 5, 7 сыныптар); 2 кезең: 2018-2019 оқу жылы (3, 6, 8 сыныптар); 2019-2020 оқу жылы (4, 9, 11 сыныптар). Курс соңында оқытушыларға сертификат табыс етілді.

